

Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3926. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Шағын бизнеске мемлекеттік қолдауды одан әрі күшейту, кәсіпкерлік қызмет еркіндігі кепілдіктерін нығайту мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі орталық атқарушы орган ретінде құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің негізгі міндеттері мыналар:

1) шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызу тұрғысында, соның ішінде оған қаржылық, техникалық көмек пен оның өзге де түрлерін көрсету мәселелері жөнінде ұсыныстарды талдап жасау және шаралар қолдану;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі іс-қимылдарын үйлестіру;

3) Қазақстан Республикасы мен аймақтарда шағын кәсіпкерліктің даму үрдістерін талдау, шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтау;

4) шағын кәсіпкерлікті қорғауға бағытталған заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

5) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты несие, инвестиция және сауда саясатын, сондай-ақ жекешелендіру саясатын қалыптастыруға қатысу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі екі апта мерзімде:

1) Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі туралы ережені бекітетін болсын;

2) Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің штат санын айқындасын;

3) 1998 жылға арналған республикалық бюджет қаражаты негізінде Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің қызметін қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

4) өз актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

5) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шаралар қолдансын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК